

Барлықов Е.К.

э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан, e-mail: erbolat_barlykov@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚША НЕСИЕЛІК САЯСАТТЫ
БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ
ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада Қазақстандағы ақша несиелік саясатты басқару құралдарының қазіргі жағдайы қарастырылған. Мақаланың өзектілігі кез келген елдердің экономикалық тұрақты дамуының негізгі шарттары болып ақша-несиелік саясатты реттеудің нақты механизмін қалыптастыруды айтуға болады. Бүгінгі нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстанның ақша-несие саясатының маңызының артуы шаруашылық жүргізу әдістерінің нығаюы және дамуымен, экономиканың тұрақты өсуіне көшуімен қамтамасыз етілген. Соған қарамастан бұл саясаттың тиімділігі әлі де жоғары деңгейде емес.

Мақаланың негізгі мақсаты болып қазіргі таңдағы әлемдік экономика мен ұлттық экономикада қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік реттеудің ақша несиелік саясатын басқару құралдарын жетілдіру, жүзеге асыру ерекшеліктеріне бағытталған. Анықталған мақсаттың негізінде мемлекеттік реттеудің ақша несиелік саясатын басқару құралдарын жетілдіру мәселесі, мемлекеттік реттеудің ақша несиелік саясатын жүзеге асыру ерекшеліктері, Қазақстандағы ақша-несие саясатын басқарудың қазіргі заманғы құралдарына талдау жасалды. Мемлекеттік реттеудің ақша несиелік саясатының басқару құралдарын талдай отырып, қазіргі жағдайдағы басты проблемаларын анықтап, оларды шешу жолдары, соның ішінде ақша несиелік саясатының маңызды құралдарын жүзеге асыру ерекшеліктері зерттелді.

Түйін сөздер: ақша-несие саясаты, инфляция, интервенция, халықаралық валюта қоры, дүниежүзілік банк.

Barlykov E.K.

c.e.s., assistant of professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan, e-mail: erbolat_barlykov@mail.ru

**Current state and prospects of instruments
of monetary policy management in Kazakhstan**

The article examines the current instruments and tools of monetary policy in Kazakhstan. The relevance of the article is the main prerequisite for the sustainable economic development of any country, which is the formation of a clear mechanism for regulating monetary-credit policy. The growing importance of Kazakhstan's monetary policy in the modern market economy is provided by the growth and development of economic management methods and the transition to sustainable economic growth. Nevertheless, the effectiveness of this policy is still far from high. The main goal of the article is to improve the instruments for managing the monetary and credit policy of state regulation in the Republic of Kazakhstan, taking into account the current situation in the world economy and the national economy. On the basis of the identified goal, the issues of improving the management tools of the monetary policy of state regulation, the specifics of the implementation of the state monetary policy, the analysis of modern monetary policy instruments in Kazakhstan were considered. The instruments of the monetary and credit policy of state regulation, the main problems in the current situation and the ways of their solution, including the features of implementing the important instruments of monetary policy.

Key words: monetary policy, inflation, intervention, International monetary fund, world Bank.

Барлыков Е.К.

э.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан, e-mail: erbolat_barlykov@mail.ru

Текущее состояние и перспективы инструментов управления денежно-кредитной политикой в Казахстане

В статье рассматриваются текущие инструменты денежно-кредитной политики в Казахстане. Актуальность статьи является основной предпосылкой устойчивого экономического развития любой страны, которая является формированием четкого механизма регулирования денежно-кредитной политики. Возрастающее значение денежно-кредитной политики Казахстана в современной рыночной экономике обеспечивается ростом и развитием методов экономического управления и перехода к устойчивому экономическому росту. Тем не менее, эффективность этой политики еще далека от высокой.

Основной целью статьи является совершенствование инструментов управления денежно-кредитной политикой государственного регулирования в Республике Казахстан с учетом текущей ситуации в мировой экономике и национальной экономике. На основе выявленной цели были рассмотрены вопросы совершенствования инструментов управления денежно-кредитной политикой государственного регулирования, особенностей осуществления государственной денежно-кредитной политики, анализа современных инструментов денежно-кредитной политики в Казахстане. Изучались инструменты денежно-кредитной политики государственного регулирования, основные проблемы в текущей ситуации и пути их решения, в том числе особенности реализации важных инструментов денежно-кредитной политики.

Ключевые слова: денежно-кредитная политика, инфляция, интервенция, международный валютный фонд, всемирный банк.

Кіріспе

Қазіргі заманғы Қазақстан экономикасы үшін ақша-несие саясатының маңыздылығының деңгейі экономикасының тұрақты дамуға көшуі негізіндегі шаруашылықтың нарықтық әдістерінің дамуымен байланысты. Дегенмен бүгінгі таңда бұл саясаттың тиімділігі 100% (жүз пайыз) көлемінде жоғары емес. Бұлай болуының себебі, ақша-несие саясатының құралдары бір-бірімен және экономикалық үдерістермен жоғары деңгейде байланысты еместігінде.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік реттеудің ақша-несиелік саясатын басқару құралдары ақшаның саны мен құнына әсер ету үшін орталық банк жүргізетін мемлекеттік экономикалық саясаттың бір бөлігінде қамтиды. Ұлттық Банк ақша-несие саясатын баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Мақсатқа қол жеткізу үшін Ұлттық Банк ақша-несие саясатын инфляциялық таргеттеу режимі 2015 жылғы 20 тамыздан жүзеге асырылып келе жатыр.

Банктік жүйенің қызмет атқаруының, тұрақты, сенімді дамуының негізі, Орталық банкке шаруашылық белсенділікке тиімді ықпал етуге, банктік институттардың қызметін бақылауға, ақша айналымының тұрақтануына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, экономиканы ақша-несие-

лік реттеудің икемді механизмін құру болып табылады.

Ақша-несиелік реттеудің Орталық банк тұрғысынан негізгі объектісі болып экономикадағы қолма-қол және қолма-қолсыз ақша массасы болып табылады. Оның динамикасынан жиынтық төлем қабілетті сұраныстың әртүрлі компоненттерінің өзгерісі тәуелді болады. Себебі қазіргі таңда ақша несиелік сипатқа ие, яғни негізінен ақша массасы банктердің несиелік-депозиттік қызметі процесінде құрылады. Орталық банк ақша айналымының көлемі мен құрылымын реттеуді екінші деңгейлі банктік мекемелер операцияларын басқару, тиісті әдістер мен құралдардың көмегімен несиелік-депозиттік эмиссия шарттарын анықтау жолымен жүзеге асырады.

Кез келген қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық жүйенің даму шарттарына қажеті әдістемелік, ғылыми, институционалдық, техникалық шешімдер кешенін қамтамасыз ететін тұрақты қаражат айналымы болып табылады [1].

Тәжірибелік бөлім

Ақша-несие саясаты бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге және инфляция бойынша нысаналы дәлізді 2017 жылғы 6,0-8,0 %-дан орта мерзімді перспективада 3-4 %-ға дейін

төмендетуге бағытталған. Ішкі нарықтағы ахуалды және сыртқы қаржы және тауар нарықтарындағы конъюктураны ескере отырып, инфляция бойынша нысаналы бағдарға қол жеткізу жөніндегі мемлекет тарапынан ақша-несие саясатының негізгі бағыттары жыл сайын қалыптастырылып отырады. Инфляция бойынша нысаналы бағдарды Ұлттық Банк жыл сайын белгілеп отырады. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банктің бірлесіп күш жұмсауы арқылы инфляцияны төмендету және ол теңгерімді сипатта болады. Қысқа мерзімде Инфляцияны бірден шектеу бойынша қатаң шаралар қолдану арқылы елдің экономикасына жағымсыз әсерін тигізеді және оның тұрақты және ілгерілемелі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндіктерін шектейді, алынталандырушы экономикалық өсу саясаты инфляциялық үдерістердің қарқынды дамуына әкеп соқтырады. Орта мерзім кезеңінде ұлттық валюта теңгеге деген сенімділікті қалпына келтіру және пайыздық арнаның тиімді жұмыс жасауы үшін теңге пайдалылығының қисық сызығын құрастыру ақша-несие саясатының басты міндеті болып саналады. Ұлттық Банк банк жүйесінің өтімділігін реттеу, сонымен қатар, ақша нарығына және таргеттелетін нарық мөлшерлемесіне әсер ету үшін, базалық мөлшерлеме белгілейді, бұл инфляция мен айырбас бағамына қатысты күтілетін болжамдарды неғұрлым тиімді реттеуге мүмкіндік береді, осылайша ақша нарығындағы құбылмалылықты шектеуге және ұзақ мерзімді пайыздық мөлшерлемелердің қалыптасуына ықпал етуге өз септігін тигізеді. Инфляциялық таргеттеуге көшу және теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы саясатын одан әрі жүргізіп жалғастыру өзгеріп отыратын іргелі факторларға жауап ретінде айырбас бағамын өзгерту арқылы экономиканың дамуындағы сәйкессіздіктерге жол бермеуге мүмкіндік береді. Шетел валютасына деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы арақатынастың нәтижесінде теңге бағамы анықталатын болады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі инфляцияның қарқынды ұлғаюын болдырмау және оны жоспарланған объективті дәлізде ұстап тұру үшін ішкі нарықта бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру орын алатын болады. Бәсекеге қабілетті ішкі нарықтардың қарқынды дамуына, бағалық келісу және жағымсыз бәсекелестікке қарсы күресуге жағдайлар жасау үшін азық-түлік тауарлары мен отын бағаларын өсірмей

ұстап тұруға бағытталған шаралар қабылдануы керек.

Азық-түлік нарығын реттеу және алып-сатарлық пен бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу, маусымдық ауытқуларды қалыпқа келтіру үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына тауарлық интервенциялар жүргізу, ресурстарды тиімді пайдалану және оларды уақтылы толықтыру бойынша азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларының жұмысы жандандырылып, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану ережелеріне өзгерістер енгізіледі [2].

Қазақстандағы ақша-несие саясатының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ақша-несие саясаты жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне әсер ететін жүйелі тәуекелдер мен қатерлерді анықтау, бағалау, қолдан келгенше төмендету, сондай-ақ макропруденциалды реттеу тәжірибесін жетілдіру жалғасын табатын болады.

Қазақстан Республикасы үшін мемлекет дамуының әлеуеті мен мақсаттарына сәйкес, ақша-несие саясаты мәселелерінің қалыптасуы, нарықтық дағдылармен белсенді дамуы экономикадағы практиктер мен ғалымдардың көз алдында үнемі жүр. Елдің тұрақты экономикалық дамуының көрсеткіштері келесі 1-кестеде келтірілген.

Кестедегі көрсеткіштерден келесідей талдау жасауға мүмкіндік береді:

Біріншіден, халық саны бойынша тоқталатын болсақ, 2014 жылмен 2015 жыл айырмашылығын есептейтін болсақ 256,90 мың адамға өскенін, ал 2016 жылмен 2015 жыл аралығын салыстыратын болсақ 252,90 адамға тағы да жоғарылағанын көруге болады.

Екіншіден, ЖІӨ млрд.теңгемен есептегенде 2015/2014 жылдардың арақатынасын есептейтін болсақ, 1 208 300,70 млрд. теңгеге өскен, ал 2016/2015 жылдар арақатынасын есептейтін болсақ 4 847 974,40 млрд. теңгеге жоғарылаған. ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көрсеткіштер 2015/2014 жылдар арақатынасы 35530,00 мың теңге, ал 2016/2015 жылдар арақатынасы 239068,10 мың теңгеге жоғарылаған. Инфляция деңгейін салыстыратын болсақ, 2014 жылы 7,4 пайызды құрап, 2016 жылы 16,7 пайызға жоғары көрсеткіш көрсетіп, яғни 9,3 пайызға (2 еседен астамға) жоғарылағанын көруге болады. Бұны 2016 жылы доллардың күрт өсуі, яғни «Ұлттық Банктің көптеген сыртқы және ішкі факторлары (ішкі сұраныс, мұнайдың әлемдік бағасы, сауда әріптес елдердегі жағдайымен т.б.) негізінде

жасаған болжамдары да инфляция көрсеткішінің болжамды дәліз шегінде болу ықтималдығының жоғары екендігін растайды». Мұндай ұлттық экономиканың көрсеткіштері әдетте елдегі

әлеуметтік-экономикалық, сонымен қатар ақша-несие саясатының тиімділігі, нарықтық институттардың құрылуынан, қаражат айналымын қамтамасыз ету негізіне байланысты.

1-кесте – 2014-2016 жж. Қазақстан Республикасы экономикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2014 жыл	2015 жыл	2015/2014 салыс-да (+/-)	2016 жыл	2016/2015 салыс-да (+/-)
Халық саны, млн.а дам	17160,8	17417,7	256,90	17 670,6	252,90
ЖІӨ, млрд. теңге	39675832,9	40 884133,6	1 208 300,70	45732108,0	4 847 974,40
ЖІӨ жан басына шаққандағы, мың. теңге	2294830,2	2330360,2	35530,00	2569428,3	239068,10
Инфляция, %	7,4	13,6	6,2	16,7	3,1
Жұмыссыздық	5,0 (470,7)	5,04 (451,94)	0,4	4,9 (441,317)	-0,14
Ақша массасы, млрд. теңге	12816554 (10,5%)	17697100 (34,5%)	4880546,00	19912578 (15,7%)	2215478,0
ЖІӨ, млрд.АҚШ	221417,7	184387,0	-37030,70	133657,1	-50729,90
ЖІӨ жан басына шаққандағы, долл. АҚШ	12806,7	10509,9	-2296,80	7509,4	-3000,50
Экспорт, млрд, долл АҚШ	79459,8	45955,8	-33504,00	36775,6	-9180,20
Импорт, млрд, долл АҚШ	41295,5	30567,7	-10727,80	25174,8	-5392,90
Ескерту: [3] Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігі, статистика комитетінің мәліметтері негізінде алынған					

Ақша-несие саясаты – бұл айналыстағы ақша жиынын, несие көлемін, сыйақы мөлшерлемесін өзгертуге, жалпы банк жүйесінің қызметін реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы болғандықтан, мемлекеттің экономикалық жағдайын, ахуалын реттеудегі механизмінің рөлі ерекше [4].

Бұл көбінесе, трансмиссионды механизм ретінде аталатын экономиканың қызмет етуіне және ұйымдастырылуына ақша-несиелік әсер ету сұрақтарының отандық әдебиеттерде теоретикалық және практикалық түрде әлсіз қаралуымен де байланысты. Отандық экономикадағы трансмиссионды моделді құрастырудың өзектілігі экономиканы реттеудегі мәселелермен анықталады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан жүргізілетін экономиканы айқын ақша-несиелік реттеу үшін қаржылық және нақты сектордың көрсеткіштерінің өзара қатынасының трансмиссиондық үдерісін анық түсіну керек. Қазақстан Республикасының ақша-несие саясатының мақсаты баға тұрақтылығы, ЖІӨ өсу қарқындылығының тұрақты болуымен негізделеді.

Жалпы айтқанда, Қазақстан Республикасындағы қаражат айналымының дамуы барлық негізгі параметрлерге қарағанда біріншіден, бүкіләлемдік тенденцияларға сәйкес келеді, екінші жағынан келесідей мәселелерге ұшырайды: жоғары инфляция қарқындылығына, экономиканың төмен деңгейдегі монетизациясына, ал екінші жағынан келесідей мәселелерді туғызады: елдің даму нарығының әлемдік қаржы жүйесіне жаһандану процесінің күшіндегі жетекші әлемдік серіктестіктегі іскерлік қарқындылықтың байланыстылығына алып келеді. Ұлттық банктің пайымдауына және соның ішінде 2016 жылы экономика өсуін 6-7% деңгейінде қамтамасыз етілсе, жан басына шаққандағы ЖІӨ 239068,10 мың теңгеге жеткен. Ал орта мерзімді келешекте инфляцияны 3-4% дейін төмендету көзделген.

2030 жылға дейінгі қаржы секторының даму концепциясын дайындау жоспарланған міндеттер бойынша жүзеге асырылуы керек [5].


Осы міндеттерді орындауда Ұлттық банк жүргізіп жатқан дамыған елдер саясатына жақындатылған ақша-несие саясатының құралдары 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – ҚР Ұлттық банкінің ақша-несие саясатының құралдары
Ескерту – [6] дерек көзі мәліметтері негізінде құрастырылған

Орталық банк банктік қызметтің мақсаттары мен басымдылықтарын тандайды, тиісті әдістер мен құралдарды таңдаудан тұратын ақша-несиелік саясаттың тиісті стратегиясы мен тактикасын әзірлейді. 2016 жылы Қазақстан экономикасы әлемдік нарықтарда ахуалдың едәуір өзгеруі, негізгі экспорт тауарларының әлемдік бағаларының төмендеуі, әлемдегі геосаяси тұрақсыздық жағдайында дамыды. Осындай жағдайлар аясында Қазақстанның экономикалық белсенділігі біртіндеп бәсеңдеп, бірақ орнықты даму траекториясын сақтап қалды. 2015 жыл мен 2014 жылды салыстыратын болсақ ЖІӨ 3% өскендігін, ал 2016

жыл мен 2015 жылдың көрсеткіштерін есептейтін болсақ ресми деректер бойынша Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің көлемі (бұдан әрі – ЖІӨ) 45732108 млрд. теңгені құрап, 11% өскендігін көруге болады. Бағалау бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ 2016 жылы 133657,1 АҚШ долларға жеткен. Бұл ретте сыртқы жағдайдың әлсіреуі аясында ел экономикасының өсуі ішкі сұраныс пен инвестициялық белсенділіктің сақталуы, ауыл шаруашылығында, құрылыс саласында және өнеркәсіптің бірқатар салаларында өнім шығарудың ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілген (2-сурет).



2-сурет – Нақты ЖІӨ-нің динамикасы, млрд. теңге
Ескерту – [3] дерек көзі мәліметтері негізінде құрастырылған

Ақша-несие саясатының жүргізілу құралдарына байланысты орталық банк ақша-несие саясатының мақсаттарын айқындайды. Қатаң ақша саясаты – ақша массасын белгілі бір деңгейде ұстап тұруға бағытталған саясат. Икемді ақша саясаты – пайыздық бағамды белгілі деңгейде ұстауға бағытталған саясат. Ақша саясатының түрін анықтау ақшаға деген сұраныстың өзгеруінің себебіне байланысты анықталады. Егер ақша айналымының жылдамдығы өзгерсе икемді ақша саясаты, ал мұндай себептердің қатарына инфляцияның жоғарылауы жатса, онда қатаң ақша саясаты қолданылады. Ақша-несие саясатының түрі елдегі жағдайға байланысты. Егер экономикада құлдырау орын алып, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі болса, мұндай жағдайда арзан ақша саясаты қолданылады. Бұл саясат тұтыну несиесінің артып, экономиканы инвестициялауды жоғарылатуға әкелетін ссудалық пайыздық бағамды төмендетуге бағытталған. Ссудалық пайыз бағамын төмендету ақша ұсынысының арту себебінен болады. Бұл жағдайда орталық банк мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу, міндетті резервтер нормасын төмендетеді, есептік бағамды төмендету сияқты шараларды жүргізеді. Инфляцияның күшеюі жағдайында жиынтық шығын мен жиынтық сұранысты қысқартуға бағытталған қымбат ақша саясатын жүргізеді. Бұл саясаттың мәні коммерциялық банктердің артық резервтерін қысқарту болып табылады. Бұл жағдайда орталық банк мемлекеттік бағалы қағаздарды сатады, міндетті резервтер нормасын жоғарылатады, есептік ставканы жоғарылатады.

Ақша-несие саясаты бүгінгі таңда несиелеуге болатын экономика секторын дұрыс таңдай білуге, сондай-ақ несие беру мүмкіндігі туралы, төлем балансы сұрақтарын шешуде банк үшін бірінші реттік маңызы бар басқа факторлар мен қарыз алушының несиелік қабілетіне қарап өз клиентін таңдаудағы біліктілігіне негізделеді.


Мемлекет өндірістік салаға тікелей әсер ете алмайды, ол кәсіпкерлік шешімдерге тек жанама реттеу арқылы әсер етеді. Сондықтан ақша-несие саясаты мемлекеттің өндіріске әсер етуінің тиімді әрі икемді әдісі болып табылады. Ақша-несие саясатының мақсаты – ұлттық шаруашылықтың тұрақты дамуы мен тепе-теңдікте болуын қамтамасыз ету, инфляцияны төмендету және теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету. 2004 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қолданып отырған ақша-несие саясатының құралдары екі топқа бөлінеді (3-сурет).

1. Тікелей құралдар (несие бағасы мен немесе сомасына тікелей бақылауға арналған):

- несие бағасын (P – сыйақы мөлшерлемесін) не санын (Q) белгілеу немесе шектеу;
- коммерциялық банктердің балансына қатысты несиелік лимиттер белгілеу.

2. Жанама құралдар (нарыққа ықпал ету арқылы ақшаға деген сұраныс пен ұсынысқа ықпал етуге арналған):

- ашық нарықтағы операциялар;
- міндетті резервтік талаптар;
- несиелеуге және вексельдерді қайта есепке алуға байланысты операциялар.



3-сурет – ҚР қолданыстағы ақша-несие саясатының құралдары
Ескерту – [2] дерек көзі мәліметтері негізінде құрастырылған

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған құралдардың ішінде іс жүзінде қолданылып отырғандары: ресми сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу, қысқа мерзімді ноталарды эмиссиялау, ашық нарықтағы операциялар.


Ақша-несие саясатының негізгі субъектісі – Орталық банк (Ұлттық Банк). Ол үкіметтік институт болмағанымен оның нұсқауларын орындайды. Алайда Ұлттық Банктің мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы ролі мен маңызына көңіл аударатын болсақ, ол өз алдына дербес ұйым болып табылады. Сондықтан оның өздігінен шешім қабылдауға толық құқы бар [7].

2015 жылы Қазақстанның экономикасы қиын сыртқы экономикалық шарттардың әсерімен дамыды, бұл барлық басты макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне әсерін тигізді.

Қазақстан экономикасына әлемдік нарықтағы мұнай мен металдар бағасының біршама төмендеуі, Ресей, Қытай мен Еуроаймақтың экономикасы өсуінің рецессиясына және бәсеңдеуіне байланысты Қазақстанның экспортталатын өнімдеріне сұраныстың төмендеп кетуі ауқымды кері әсерін тигізді.

Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі – ХВҚ) деректері бойынша 2015 жылы Ресейдің ЖІӨ 3,7 %-ды, Қытайдың ЖІӨ 7,3 %-ды, ал Еуроаймақ экономикасының өсуі 1,5 %-ды құрады (4-сурет).

Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі – ХВҚ) деректері бойынша 2015 жылы Ресейдің ЖІӨ 3,7 %-ды, Қытайдың ЖІӨ 7,3 %-ды, ал Еуроаймақ экономикасының өсуі 1,5 %-ды құрады (4-сурет).



4-сурет – Көршілес елдердің экономикалық өсуінің динамикасы
Ескерту: [8] болжам негізінде алынған

Дүниежүзілік банк (бұдан әрі – ДБ) мәліметтерін қарайтын болсақ, 2015 жылы «Brent» маркасының мұнай бағасының орташа әлемдік бағасы барреліне 52,4 АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 47,1 %-ға төмен. Металдардың әлемдегі бағасының 21,1 %-ға төмендегенін көруге болады.

Қазақстан экономикасының барлық жетекші салалары мен аяларына сыртқы факторлар айтарлықтай тау-кен өнеркәсібін қоса алғанда әсерін тигізді. Сұраныстың төмендеуі салдарынан бөлшек сауда, көлік және байланыс салаларындағы көрсетілетін қызметтер көлемі қысқарды.

2015 жылы тау-кен өнеркәсібінде өнімді шығарудың 2,5 %-ға азаюы есебінен 1,5 %-ға төмендеді. Өңдеуші өнеркәсіп 0,2 %-ға ұлғайды. Металлургия өнеркәсібін мемлекеттік қолдау

көрсету есебінен аталған саланың өсудің оң тенденциясы байқалады.

Бөлшек сауда көлемінің 0,4%-ға азайғанына назар аудару қажет, ал өткен 5 жылда ол бойынша орташа өсу 13,4 %-ды құрады. Инфляция, тұрғындардың айқын табыстарының азаюы жиынтық сұраныстың қысқаруы негізгі себепке айналды. Соңғы 5 жылдағы 10,2%-ға орташа өсуге қарамастан 2015 жылы жүк айналымының 7,5%-ға төмендеуі алаңдаушылық туғызады.

2015 жылы ауыл шаруашылығында 4,4 %-ға, құрылыста 4,3 %-ға өсу байқалды. 2015 жылы барлығы 8939,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2014 жылдың деңгейінен 18,9 %-ға артық.

Қазақстан Республикасындағы ақша-несие саясатының жүргізілуі барысында экономиканың өсуіне шаруашылық жүргізуші субъектілердің

инвестициялық белсенділігінің сақталуы жағдайында іске асырылды. 2015 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестициялар 7024,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2014 жылға қарағанда нақты мәнде 3,7%-ға жоғары. Өткен 5 жылдағы орташа жылдық өсу 3,0%-ды құрады. Өсу Индустрияландыру картасына қосылған индустриялық-инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларды, сонымен қатар «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы) іске асырумен қамтамасыз етілетін болады.

2015 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 37,1%-ға (экспорт 42,5%-ға, 45,7 млрд. АҚШ долларына дейін, импорт 26,9%-ға, 30,2 млрд. АҚШ долларына дейін) төмендеді. Экспорт бойынша едәуір төмендеу Еуропалық Одақ елдеріне 45,3%-ға, Қытайға 44,0%-ға, Ресейге 32,0%-ға байқалады.

Тауар айналымының төмендеуі, көмірсутегіне бағаның түсуі, сонымен қатар ресей рублінің айтарлықтай әлсіреуі төлем балансы мен қаржы секторының жағдайына теріс әсер етті.

Ұлттық Банктің мәліметтері бойынша 2015 жылы 6,4 млрд. АҚШ долларының профицитіне қарағанда төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығы 5,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Сонымен бірге, қаржы шоты 10,6 млрд. АҚШ долларымен теріс сальдоға калыптасты.

2015 жылы экономикаға кредит беру серпінінің төмендеуі байқалады: жыл бойы берілген кредиттер көлемі 10599,3 млрд. теңгеден 9350,5 млрд. теңгеге дейін, 11,8 %-ға кеміді.

Банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 2016 жылдың 1 қаңтарына 15970,5 млрд. теңгені құрап, 36,6%-ға ұлғайды. Тұрғындардың депозиттері 6792,7 млрд. теңгені құрап, 54,5%-ға өсті.

Елдің халықаралық резервтері 2016 жылдың 1 қаңтарына 91,4 млрд. АҚШ долларын құрап, жыл бойына 10,8 %-ға төмендеді, оның ішінде Ұлттық қордың активтері 13,3%-ға, 63,5 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді. Ұлттық банктің алтын-валюта активтері 27,9 млрд. АҚШ долларын құрап, 4,6%-ға төмендеді.

Жоғарыда айтылып кеткендей, жұмыссыздық деңгейі 2015 жылы 5,0 %-ды құрады.

Жұмыссыздықтың төмен деңгейіне қарамастан, инфляцияның өсуіне байланысты нақты жалақының индексі 2014 жылғы 103,9%-дан 2015 жылы 97,6%-ға дейін бәсеңдеген. Орта номиналды жалақы 2015 жылы бағалау бойынша 125335 теңгені құрады, бұл 2014 жылға

қарағанда 4,1 %-ға артқанын көруге болады.

2015 жылдың желтоқсанында 2014 жылдың желтоқсанына қарағанда инфляция 13,6 %-ды құрады. Инфляцияға 7,0 пайыздық тармақ (бұдан әрі – п.т.) негізгі үлесті азық-түлік емес тауарлардың 22,6 %-ға қымбаттауы қосты. Азық-түлік тауарларының бағалары 10,9 %-ға (үлесі – 4,2 п.т.), ақылы көрсетілетін қызметтерге 8,1%-ға (үлесі – 2,4 п.т.) өсті.

2016 жылы әлемдік экономиканың өсуі төмен жағдайда, сұраныс пен инвестициялық шығыстардың нашар серпінімен, инфляцияның төмен қарқынымен, жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен сипатталады. Сонымен қатар Қазақстан экономикасы үшін жағымды үрдістерде бар: 2016 жылдың алты ай ішінде мұнай 28,5%-ға, металдар 4,6 %-ға қымбаттады.

Сыртқы факторлардың теріс әсеріне қарамастан, Қазақстан экономикасы 2016 жылғы қорытындысы бойынша оң аймаққа өтті, ЖІӨ-нің өсуі 0,1%-ды құрады.

Сонымен қатар, ЖІӨ-нің өсуіне өнеркәсіп өндірісінің 1,6%-ға, ішкі сауданың 4,9%-ға, ақпарат пен байланыстың 4,1%-ға төмендеуі теріс әсер етті.

Әлемдік экономикадағы белгісіздік жағдайының орын алуы және Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінде ұлғаюдың құлдырауы мемлекеттің сыртқы сауда айналымына теріс әсер етті, ол ағымдағы жылдың қаңтар-мамырында 29,9%-ға, 23,0 млрд. АҚШ долларына дейін, оның ішінде экспорт 31,8%-ға, 13,7 млрд. АҚШ долларына дейін, импорт 27,0 %-ға, 9,2 млрд. АҚШ долларына дейін азайды.

Экономикалық өсу қарқының әлсіреуіне қарамастан, инвестициялық белсенділіктің 8,5%-ға, құрылыс индустриясының 6,6%-ға, көлік саласының 4,3%-ға, ауыл шаруашылығының 2,7%-ға өсуі байқалады.


2016 жылғы маусымында 2015 жылдың желтоқсанына қарағанда инфляция 4,6%-ды құрады, оның ішінде азық-түлік тауарларға баға 5,0%-ға, азық-түлік емес тауарларға – 4,7%-ға, ақылы көрсетілетін қызметтерге – 4,1%-ға өсті.

Ағымдағы жылы экономиканың өсуі 0,5% деңгейінде бағаланады. Экономиканың өсуінің негізгі көздері өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешеннің салалары, құрылыстың ықпалы зор.

Тұтастай алғанда, сыртқы факторлардың жағымсыз әсерін нивелирлеу мен елдің қалыпты дамуы ағымдағы жылы «5 институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 қадам» Ұлт жоспарын, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағ-

дарламасын, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банктің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарын іске асыру есебінен қамтамасыз етілетін болады [9].

2014 жыл әлемнің жетекші экономикалары үшін өтпелі жыл болды. Дамушы елдердегі экономикалық өсу баяулаған кезде, АҚШ және Еуроаймақ сияқты дамыған елдер біртіндеп қайта қалпына келе бастады (5-сурет).



5-сурет – Әлемдік экономиканың өсуі
Ескерту – [7] мәліметтері негізінде құрастырылған

Әлемдік экономиканың өсуі көптеген халықаралық ұйымдар төмендеу жағына қарай қайта қарастырған. Әлемдік экономика 2015 – 2016 жылдары 3,4-тен 3,8%-ға дейінгі қарқынды өсіп, консенсустық көрсеткішті көрсетіп отыр.

Өткен жылы басталған оң экономикалық үрдістер ағымдағы жылы да сақталады. АҚШ пен Еуроаймақтағы жағдайдың жақсаруының арқасында дамыған елдер әлемдік экономиканың негізгі қозғаушы өсу күші болды.

Дамыған мемлекеттер тарапынан өсіп отырған сұраныс аясында нарығы қалыптасып келе жатқан елдер мен дамушы елдер экспорт көлемінің ұлғаюы есебінен (2015–2016 жылдарға тиісінше 4,4-5,2 %) дамыған. Дамыған мемлекеттер қатарынан табылу бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасының жаһандану жағдайында өмір сүру маңызымен ерекшеленеді.

Жаһандану үрдісі барысында, кез келген мемлекеттің экономикасы тұрақты әрі тиімді дамуға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, халықаралық кеңістікте бәсекеге қабілетті болу мен әлеуметті жауапты қоғам орнатуға бағытталады. Заманауи әлемдік ахуал көптеген елдердің экономикасына әсер етуші дағдарыстардың орын алып отырғанын көрсетіп келеді. Осы тұрғыда мемлекет қабылдаған салықалы саясат қана дағдарыстық жағдайдан залалсыз шығып, ілгері индустриаландыру мен инновациялық дамуға жол бастайды. ҚР

Президенті Н.Ә. Назарбаев 2015 жылдың 30 қарашасындағы Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің ең негізгі дағдарысқа қарсы стратегиясы үш қарапайым, алайда маңызды түсініктермен: өсім, реформалар және даму барабар екендігін атап өтті. Біріншісі – бұл өсім, ең алдымен, экономикалық өсім. Ағымдағы мәселелерге қатысты, біз Қазақстанның әлемнің аса дамыған отыз елі қатарына кіруін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің қарқындарын қайта қалпына келтіру қажетпіз. Екіншіден – бұл реформалар. Олар экономиканың, қоғамның және мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бізге мемлекеттік және корпоративтік менеджментті, қаржы және фискалды секторларды аса терең реформалау өмір үшін маңызды болып тұр. Үшінші – бұл даму. ХХІ ғасырда дамудың басты факторы қоғамның барлық салаларының үздіксіз модернизациялау болып табылады. Біз барлық мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттардың Жалпыға ортақ еңбек қоғамы, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың әлжуаз таптарына бағытталған көмек қағидаларында кең ауқымды түбегейлі өзгерістер жөнінде жұмыс істеп келеміз [10].

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы өсуінің драйверлері болып инновациялық индустриаландыру шеңберінде құрылып жатқан экономиканың жаңа секторлары саналады. Қазақстан экономикасының барлық жетекші

салалары мен аяларына сыртқы факторлар айтарлықтай тау-кен өнеркәсібін қоса алғанда әсерін тигізді. Сұраныстың төмендеп кетуі себебінен бөлшек сауда, көлік және байланыс салаларындағы көрсетілетін қызметтер көлемі де едәуір қысқарды. Біздің экономика жаһандық дағдарыстардың негативті әсерлерін басынан кешіргеніне қарамастан, отандастарымыздың әл-ауқатын арттыру бойынша әрқашан іс-шаралар жүргізіліп келеді. Соңғы он жыл ішінде әлеуметтік салаларға мемлекеттік шығындар нақты шамада 3 есеге артты. Әлеуметтік сала мен мемлекеттік басқару саласында жұмыс бастылар саны 1,2 миллион адамнан асады. Мемлекет жәрдемақылар мен төлемдердің үлкен көлемін қамтамасыз етіп келеді. Оларды 1,5 миллионнан астам азаматтар алып жатыр [8]. Қазақстанда мемлекет – әлеуметтік жаңғырту үдерістерінің бастамашысы және басты қозғаушы күші. Мемлекеттің стратегиясы әлеуметтік қорғаудан әлеуметтік прогреске бағытымен құрылады. Бұл масылдыққа жол жоқ дегенді білдіреді. Әлеуметтік жаңғырту жолындағы айтарлықтай кедергі әлеуметтік инфантилизм секілді кең тараған құбылыс болып табылады. Оның негізінде 90-шы жылдардағы «жабайы капитализмнің» өтпелі бастапқы кезеңінде «жабысқан» еңбекке өңі айналдырылған, теріс көзқарас жатыр. Бұл игілікке жетудің алдамшы формуласы – «аз жұмыс істеп, көп табу», «ауадан ақша жасау» және тағы басқаларды абсолютке көтерді. Әлеуметтік инфантилизммен зор айтылған дәрегі тоғышарлық жаңғыртудың тежегіші болуға қабілетті. Біз көп жағдайда масылдық деңгейін төмендеттік. Сондықтан Қазақстанға, әлеуметтік реформалардың көшбасшысы ретінде, өзіне бастамашылдық алып, біздің еуразиялық интеграция бойынша барлық әріптестеріміз үшін тартымды болып табылатын әлеуметтік жаңғыртудың біртұтас моделін жасау маңызды [10].

Кез келген экономиканың тиімділігі оның екі құраушыларының болуымен анықталады, олар – жеке тұлғалардың жасампаз және іскер күші және мемлекет реттейтін шаруашылық тетігінің икемділігі [11].

Осылайша, басты назар экономикалық саясат курсы туралы емес, ақша-несие саясатын басқарудағы құралдарды таңдау, оларды қолданудың қарқындылығы мен бірізділігі туралы болып отыр. Біз экономикалық және әлеуметтік жаңғырту барынша синхронды жүруі тиістігін ескеруіміз қажет. Жаңа өндірістер, білім беру мен ғылымның жаңа жүйелері, орта тап-

ты дамыту, әлеуметтік кепілдемелерді кеңейту қазақстандықтар санасында үлкен өзгерістер қалыптастыруы тиіс. Ал бұл әлеуметтік қатынастың барлық жүйесін дер кезінде түзетуді талап ететін болады. Қазақстанның әлеуметтік саясаты халықтың әл-ауқатын жақсартуға, мемлекеттік институттардың жергілікті қоғаммен тиімді өзара байланысы мен жауапкершілікке негізделгенін көреміз. Алдында атап өткендей, халықтың әл-ауқатын жақсарту, жұмыссыздықтың алдын-алу, бизнес үшін қолайлы орта қалыптастыру мемлекеттік инвестициялық, фискалдық және ақша-несие саясаттарымен тікелей байланысты. Аталған саясаттардың дұрыс әрі ұтымды жүргізілуі ұзақ мерзімді тұрақтылық пен ілгері дамуға өз септігін беретіні сөзсіз. Осы тұрғыда ақша-несие саясатын мемлекеттік реттеу маңызы мен еліміздегі оның орны ерекше. Ұлттық шаруашылықтың тұрақты тепе-тең дамуының қажетті шарттарының бірі ақша-несие саясатын реттеудің айқын тетігін қалыптастыру болып саналады.

Мемлекеттің ақша – несие саясаты – бизнес жүйесінің көптеген субъектілерінің егемендігін бұзбайтын, экономикаға әсер етуші өте демократиялық құрал болып табылады [12].

Жалпылай айтқанда, ақша-несие саясаты бағалар тұрақтылығын, толық жұмысбастылықты және экономикалық өсуді қамтамасыз етуі қажет – бұлар оның ең жоғарғы және қорытынды мақсаттары. Ақша-несие саясаты негізгі макроэкономикалық параметрлердің өзгерісіне әкеледі: жалпыұлттық табыс, инфляция, жұмыссыздық деңгейі [13].

Бұл монетарлық әдістер арқылы экономикалық жүйеде ақша ұсынысын өзгертуі көмегімен орын алады. Ақша-несие саясатының ұлттық шаруашылық кешенінің негізгі айнымалыларына әсер ету тетігі, сондай-ақ ақша массасын арттыру мен экономика жағдайы арасындағы корреляция нәтижесі кейінгі және монетаристік теорияларда әр түрлі бағаланып, ақша билігі үшін практикалық шешім қабылдау барысында әр түрлі қолданылады [14]. Сәтті және келешекті даму үшін банктер, ең алдымен, өздерінің сапалық дамуына – яғни қызмет тиімділігін арттыруға қаржылық тұрақтылық деңгейі мен ішкі және халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға, сондай-ақ экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы өз ролін нығайтуға ерекше назар аударуы керек. Ақша-несиелік реттеу көмегімен мемлекет экономикалық дағдарысты жеңілдетуге, инфляция өсімін

тоқтатуға ұмтылады, бұл мақсатта мемлекет ел экономикасының әр түрлі салаларына капитал салуды ынталандыру үшін несиелерді қолданады. Еліміздің ақша-несие тетігінің экономиканың дағдарыстан жандану мен өрлеуге күйзеліс арқылы шығуына даярлығы – ұлттық экономиканың кілт мәселесі. Өз кезегінде, бұл инфляциялық спекулятивтік курстан инвестициялар курсына, тауарлар мен қызметтер өндірісінің артуына әкелетін салаларға қызмет етуге қайта бағытталуға даярлық мемлекет пен банктердің үйлесімді әрекеттеріне байланысты. Мемлекеттік институттардың қаржы-экономикалық климатқа әсер етуінің тиімділігі бірінші ретті маңыздылыққа ие болып келеді. Қазақстан Республикасындағы ақша-несие саясатын мемлекеттік реттелуі бойынша артықшылықтары келесі тұжырымдармен айтуға болады.

Біріншіден, фискалды саясатпен салыстырғанда тез және икемді болуы. Орталық банк және басқа қаржы-ақша саласын реттеуші органдар күн сайын құнды қағаздардың сатылымы жөнінде шешім қабылдай отырып, ақшаның жағдайы мен пайыздық үстемеге әсер етіп отырады. Ал фискалды саясат қолданысы заңнамалық мәселелер бойынша ұзақ уақытқа кейін қалдырылуы мүмкін.

Екіншіден, бұл саясат саяси қысымнан алшақтатылған, әсіресе дамыған елдерді осындай үрдісті байқауға болады. Сонымен қатар, ақша-несие саясаты өз табиғаты бойынша жұмсақ және саяси қатынаста айтарлықтай қолданбалы. Саясаттың негативті жақтары туралы айтатын болсақ, құнды қағаздар саясаты банктер несиелер көлемін шектеуге мәжбүр болатындай резервтерді төмендетеді. Ал бұл дегеніміз ақша ұсынысын шектеуді білдіреді.

Құнсыз арзан ақшалар саясаты коммерциялық банктерге қажетті резервті қамтамасыз етуі мүмкін, алайда бұл ақша ұсынысының артуына кепілдік бермейді [15].

Осындай ахуалда бұл саясаттың қолданысы тиімсіз болады. Аталған құбылыс циклдік ассимметрия деп аталады және ол ақша-несиелік реттеуге бірқатар тосқауылдар жасауы мүмкіндік береді. Екінші теріс фактор ол ақша айналымының жылдамдығы ақша ұсынысына қарама-қарсы бағытта өзгеру үрдісіне ие, осылайша ол мемлекеттік саясаттың ақша ұсынысын реттеуі бойынша шараларға кері әсер етеді.

Яғни арзан ақшалар барысында ақша айналымы төмендейді, нәтижесінде жалпы шығындар да қысқарады, ал бұл саясаттың мақсаттарына қарама-қарсы болып келеді [16].

Қорытынды

Қазақстан Республикасының индустриялық дамуын жетілдіру үшін мемлекеттік реттеу құралдарының, атап өтсек, әлеуметтік жауапкершілік пен ақша-несие саясатының тиімділігі, артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ қазіргі ахуалы мен даму ерекшеліктерін қамтиды. Осыларға байланысты Қазақстан үшін аймақтық саясат мақсаты – аудандар арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын реттеу, әр аймақтың басымдықтарын ескеру барысында жоғарғы нәтижеге қол жеткізу міндеттері осы мақсаттарға жету барысында табиғи-экономикалық ресурстарды рационалды пайдалану, аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайларын көтеру, бастысы мемлекеттік реттеудің ақша-несиелік саясатын дұрыс басқару мен оны жүзеге асыру ерекшеліктерін айқындау қажет.

Әдебиеттер

- 1 Интернет ресурсы: <http://www.nationalbank.kz/> Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми сайты. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің 2013 жылғы есебі – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі – 2014 – 129 б.
- 2 Еделев Д.А. Безопасность и качество продуктов питания. – М: Пищевая промышленность, 2014. – 16 с.
- 3 Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігі, статистика комитеті. Электрондық ресурс: – [Кіру тәртібі]: <http://www.stat.gov.kz>
- 4 ҚР Ұлттық банкінің ақша-несие саясатының 2014-2017 жылдардағы негізгі бағыттары
- 5 Концепция развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года. 22 сентября 2014 год
- 6 ҚР Ұлттық банкінің ақша-несие саясатының 2014-2017 жылдардағы негізгі бағыттары
- 7 Қоңырбаева Б.М. Ақша-кредит саясаты және трансмиссиялық механизм// «Экономическое обозрение», – 2005 – №2 – 13-27 б.
- 8 Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің 2013 жылғы есебі. Электрондық ресурс [Кіру тәртібі]: <http://www.nationalbank.kz/>
- 9 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы, 2014 жыл 11 қараша

10 Интернет ресурсы: <http://www.nationalbank.kz/> Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми сайты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық саясаттың 2014 жылға арналған негізгі бағыттары туралы мәлімдемесі. 17 наурыз 2014 жыл, №242 қаулысы

11 O.P. Attanasio, G. Weber Is consumption growth consistent with intertemporal optimization? Evidence from the consumer expenditure survey *J. Polit. Econ.*, 103 (1995), pp. 1121-1157

12 Giovanni Bernardo, Josh Ryan-Collins, Richard A. Werner Reconsidering QE in the UK: an Empirical Analysis of the Effect of Monetary Policy on the Real Economy, 1990–2012 University of Southampton Centre for Banking (2013) Finance and Sustainable Development Discussion Paper Series, CBFSD DP No. 1–2013

13 Jenny Castle, Josh Ryan-Collins, Richard Werner UK monetary Policy and Economic Growth, 1963-2012: an Empirical Analysis Centre for Banking, Finance and Sustainable Development (2014) Discussion Paper No. 1–2014

14 Cúrdia, V., and Woodford, M. (2011), «The Central-Bank Balance Sheet as an Instrument of Monetary Policy,» *Journal of Monetary Economics*, 58(1), 54-79

15 Galí, J. (2015), *Monetary policy, inflation and the business cycle: An introduction to the New Keynesian framework and its applications*, Princeton: Princeton University Press

16 Gertler, M., and Karadi, P. (2011), «A Model of Unconventional Monetary Policy,» *Journal of Monetary Economics*, 58(1), 17-34

17 Woodford, M. (2011), «Optimal Monetary Stabilization Policy,» in Friedman, B.M., and Woodford, M. (eds) *Handbook of Monetary Economics*, Amsterdam: North-Holland, 3B, 723-828

18 Favaretto, F. and Masciandaro, D. (2016). Doves, hawks and pigeons: Behavioral monetary policy and interest rate inertia. *Journal of Financial Stability*, 27, pp. 50-58.

19 Hommes, C., Massaro, D. and Weber, M. (2015). *Monetary Policy under Behavioral Expectations: Theory and Experiment*. Tinbergen Institute Discussion Paper.

20 Rustamli, N. and Abbas, G. (2014). *Monetary policy: psychology and expectations*. Academic Views, January 2014.

21 Yellen, J.L. (2007). *Implications of Behavioral Economics for Monetary Policy*. Federal Reserve Bank of Boston Conference: «Implications of Behavioral Economics for Economic Policy».

22 Auclert A (2017), ‘Monetary Policy and the Redistribution Channel’, NBER (National Bureau of Economic Research) Working Papers 23451.

23 Hughson H, G La Cava, P Ryan and P Smith (2016), ‘The Household Cash Flow Channel of Monetary Policy’, *RBA Bulletin*, September, pp 21–30.

References

1 Интернет-ресурсы: <http://www.nationalbank.kz/> Официальный сайт Национального банка Республики Казахстан. Отчет Национального банка Республики Казахстан за 2013 год - Национальный банк Республики Казахстан - 2014 год - 129 с.

2 Edelev D.A. Bezopasnost' i kachestvo produktov pitaniya -M: Produkty pitaniya i napitki, 2014. - 16 s.

3 Министерство национальной экономики Республики Казахстан, Комитет статистики. Электронный ресурс: - [Vhod v sistem]: <http://www.stat.gov.kz>

4 Osnovnye principy denezhno-kreditnoj politiki Nacional'nogo banka Respubliki Kazahstan na 2014-2017 gody

5 Konceptiya razvitiya finansovogo sektora Respubliki Kazahstan do 2030 goda. 22 sentjabrja 2014 goda

6 Osnovnye napravleniya denezhno-kreditnoj politiki Nacional'nogo banka Respubliki Kazahstan na 2014-2017 gody

7 Konyrbaeva B.M. Denezhno-kreditnaja politika i mehanizm peredachi // *Jekonomicheskij obzor*, 2005 - № 2 - 13-27 s.

8 Otchet Nacional'nogo banka Respubliki Kazahstan na 2013 god. Jelektronnyj resurs [Entry]: <http://www.nationalbank.kz/>

9 Obrashhenie Prezidenta Respubliki Kazahstan Nursultana Nazarbaeva k narodu Kazahstana «Nurly Zhol - Put' v budushhee», 11 nojabrja 2014 g.

10 Интернет-ресурсы: <http://www.nationalbank.kz/> Официальный сайт Национального банка Республики Казахстан. Правительственное Правительство Республики Казахстан и Национальный банк Республики Казахстан по экономическим вопросам на 2014 год

11 O.P. Attanasio, G. Rost potrebleniya WeberIs v sootvetstvii s mezhvremennoj optimizaciej? Dannye iz obsledovanija potrebitel'skih rashodov *Dzh. Polit. Econ.*, 103 (1995), pp. 1121-1157

12 Dzhovanni Bernardo, Dzhosh Rajan-Kollinz, Richard A. Verner Peresmotr QE v Velikobritanii: jempiricheskij analiz vlijaniya denezhno-kreditnoj politiki na real'nuju jekonomiku, 1990-2012 Centr bankovskogo dela Universiteta Sautgemptona (2013) *Finansy i ustojchivoe razvitie Serija diskussionnyh dokumentov*, CBFSD DP № 1-2013

13 Dzhenni Kasl, Dzhosh Rajan-Kollinz, Richard Verner Valjutnaja politika i jekonomicheskij rost Velikobritanii, 1963-2012: Centr jempiricheskogo analiza dlja bankovskogo dela, finansov i ustojchivogo razvitiya (2014 god) *Diskussionnyj dokument № 1-2014*

14 Cúrdia, V. and Woodford, M. (2011), «Balans Central'nogo banka kak instrument denezhno-kreditnoj politiki», *zhurnal «Valjutnaja jekonomika»*, 58 (1), 54-79

15 Galí, Dzh. (2015), *Denezhno-kreditnaja politika, infljacija i biznes-cikl: vvedenie v novuju kejnzijskiju strukturu i ee prilozhenija*, Prinston: Prinstonskij universitetskij press

16 Gertler M. i Karadi P. (2011), «Model' netradicionnoj denezhno-kreditnoj politiki», *zhurnal «Valjutnaja jekonomika»*, 58 (1), 17-34

17 Woodford M. (2011), «Optimal'naja politika denezhno-kreditnoj stabilizacii», v Friedman, B.M. and Woodford, M. (eds) *Spravochnik po denezhno-kreditnoj jekonomike*, Amsterdam: Severnaja Gollandija, 3B, 723-828

- 18 Favaretto F. i Maskiandaro D. (2016). Golubi, jastreby i golubi: povedencheskaja denezhno-kreditnaja politika i inercija procentnyh stavok. Journal of Financial Stability, 27, pp. 50-58.
- 19 Hommes, C., Massaro, D. and Weber, M. (2015). Denezhno-kreditnaja politika pri povedencheskih ozhidaniyah: teorija i jeksperiment. Diskussionnyj dokument Instituta Tinbergena.
- 20 Rustamli, N. i Abbas, G. (2014). Denezhno-kreditnaja politika: psihologija i ozhidaniya. Akademicheskie vzgljady, janvar' 2014 goda.
- 21 Yellen, J.L. (2007). Posledstvija povedencheskoj jekonomiki dlja denezhno-kreditnoj politiki. Federal'nyj rezervnyj bank Bostonskoj konferencii: «Posledstvija povedencheskoj jekonomiki dlja jekonomicheskoj politiki».
- 22 Auclert A (2017), «Denezhnaja politika i kanal pereraspredelenija», NBER (Nacional'noe bjuro jekonomicheskij issledovanij) Rabochie materialy 23451.
- 23 Hughson H, G La Cava, P Ryan and P Smith (2016), «Kanal denezhnoj nalichnosti domohozjajstva denezhnoj politiki», Bjulleten' RBA, sentjabr', str. 21-30.